

1993 жылы туған азаматтарды "Ақтөбе қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесінде тіркеу жүргізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының әкімінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 14 шешімі. Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының Әділет басқармасында 2010 жылдың 5 қаңтарда № 3-1-125 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының әкімінің 2010 жылғы 6 желтоқсандағы № 17 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының әкімінің 2010.12.06 № 17 Шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74 «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңының 17 бабын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371 «Қазақстан Республикасындағы әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі жөніндегі Ережені бекіту туралы» Қаулысын орындауға байланысты, Қазақстан Республикасының 2001 жылы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 33, 37 баптары негізінде қала әкімі **ШЕШІМ Е Т Т І :**

1. 2010 жылдың 11 қаңтары мен 31 наурызы аралығында «Ақтөбе қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне тіркеу жылы 17 жасқа толатын 1993 жылы туған азаматтарды, сонымен қатар бұрын тіркеуден өтпеген, Ақтөбе қаласының аумағында тұрақты немесе уақытша тұратын ересек жастағы азаматтарды тіркеу жүргізілсін.

Шараларды орындауға байланысты шығындар жергілікті бюджет қаржылары есебінен жүзеге асырылады.

2. Ақтөбе облыстық денсаулық сақтау басқармасына (Қ.Қ.Сабыр келісім бойынша) «Ақтөбе қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесінің қарамағына бөлу ұсынылсын:

1) тіркелушілерге медициналық куәлік беруді жүргізу үшін дәрігер-мамандарды және медбикелерді;

2) тіркелушілерді медициналық құжаттармен сапалы және толық қамтамасыз ету үшін жеткіншектер кабинеттерінің дәрігерлерін;

3) шақыру учаскесіне шақырылушылар санының көбеюіне байланысты қосымша медициналық комиссиядан өткізу үшін дәрігер-мамандарды және медбикелерді ;

4) дәрігер-мамандардың резервтік құрамын;
5) медициналық комиссия жұмысы үшін қажетті медициналық мүліктерді,
құралдарды және дәрі-дәрмектерді.

3. Меншік түріне қарамастан кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар және оқу орындарының басшыларына ұсынылсын:

1) тіркеуге жататын азаматтарға оларды қалалық шақыру пунктiне шақырғаны туралы хабар беру және олардың бұл шақыру бойынша дер кезінде келуін қамтамасыз ету;

2) азаматтарды әскери есепке қоюға байланысты міндеттерді орындауға қажетті уақытқа олардың жұмыс (оқу) орындарындағы айлығын (шәкіртақысын) сақтай отырып, жұмыстан (оқудан) босату.

3) техникалық қызметкерлердің қажетті санын бөлу.

4. «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (А.А.Арынғазиева) «Ақтөбе қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесімен (Т.К.Бөлтеев) бірлесе отырып, қала мектептерінде оқитын барлық 1993 жылы туған азаматтарды толық тіркеуге алуды бақылауды жүзеге асыру ұсынылсын. Тіркелу кезінде анықталған барлық орта білімі жоқ азаматтарды кейін күндізгі және сырттай жалпы білім беру мектептерінде оқытатындай етіп есепке алсын.

5. Ақтөбе қалалық ішкі істер басқармасына (Е.Б.Есмаханов келісім бойынша) полиция нарядын бөлу ұсынылсын: шақыру пунктінде қоғамдық тәртіпті сақтау үшін екі адам және іздестіру тобы үшін екі адам.

6. Қалалық әділет басқармасына (В.Т.Мамбетова келісім бойынша), № 2 қалалық сотқа (А.А.Құрмантаев келісім бойынша), меншік түріне қарамастан органдар мен ұйымдарға тіркеу жүргізу кезеңінде Қазақстан Республикасының «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңының 18 бабында қарастырылған міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету ұсынылсын.

7. Селолық округтер әкімдері «Ақтөбе қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесінің талабы бойынша шақырылуға дейінгілерді және шақырылушыларды олардың шақыру пунктiне шақырылғандығын хабарласын және жеткіншектердің уақытында келуін қамтамасыз етсін.

8. «Ақтөбе қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесінің бастығы (Т.К.Бөлтеев) азаматтардың шақыру учаскесіне тіркелуін ұйымшылдықпен жүргізуді қамтамасыз ету шараларын алсын. Тіркеу қорытындысы туралы 2010 жылдың 10 сәуірінде қала әкіміне хабарласын.

9. Осы шешімнің орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары С.М.Қалдығұловаға және «Ақтөбе қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасы» мемлекеттік мекемесінің бастығы Т.К.Бөлтеевке жүктелсін.

10. Осы шешім бірінші ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

А.Мұхамбетов

Ж о б а н ы ұ с ы н у ш ы :

*«Ақтөбе қаласы қорғаныс
істері жөніндегі басқармасы»*

мемлекеттік мекемесінің бастығы Т.Бөлтеев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК